

**«Қызылорда облысының Білім басқармасының
Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің
Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша
АНЫҚТАМАСЫ**

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

- **Білім беру ұйымының толық аталуы:**
Қызылорда облысы білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
- **Білім беру ұйымының орналасқан жері:**
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қобланды батыр көшесі, ғимарат №20, пошта индексі 120400
- **Занды тұлғаның байланыс деректері:**
Байланыс телефоны: 8 (72438) 27-2-34
Электронды поштасы - Kazaly_234@mail.kz Мектеп сайты - mektep234-kazaly.edu.kz/
- **Занды тұлға өкілінің байланыс деректері:**
Уразбаева Жаухар Құттықияқызы, «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім мен ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №576 бұйрығының 78,79 тармақтарына, «Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V Кодексінің 21 бабы 1-тармағының, 2) -тармақшасына, 34- бабына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 04 желтоқсандағы «Бюджеттің атқарылуы және қассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» №540 бұйрығына және құқықтық актілер туралы Қазақстан Республикасы Заңының 65 бабы 3- тармағына сәйкес 2022 жылдың 14 қарашасынан бастап «Қызылорда облысының білім басқармасының Қазалы ауданы» бойынша білім бөлімінің «Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры қызметіне тағайындалған.
Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары:
 - Мектеп заңды тұлға ретінде Қызылорда облысының Әділет департаменті Арал ауданаралық әділет басқармасы 2021 жылдың 21 қаңтарында (атауының өзгеруіне, қатысушылар құрамының өзгеруіне, жарғының немесе ереженің жаңа редакциясы) мемлекеттік қайта тіркеуден өткен, БСН 970540002545.
 - «Қызылорда облысы білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің « Ж.Жабаев атындағы № 234 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жарғысы өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, Қызылорда облысының Әділет департаменті тарапынан 21.01.2021ж. бекітілген, алғашқы бекітілген күні 16.05.1997 жыл. БИН 970540002545.
 - Құрылтайшылар: «Қызылорда облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қызылорда облысының қаржы басқармасының 15.01.2021 жылғы №238 бұйрығымен бекітілген.
 - «Қызылорда облысы білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің іргетасы 1981 жылы қаланған. Қызылорда облысы әкімдігінің 2021 жылы 13 қаңтардағы №180 шешімімен «Қазалы ауданының білім бөлімінің Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Қызылорда облысы білім басқармасының Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта аталған.
 - Білім беруге құқықтық лицензия: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі №596 қаулысына сәйкес Қызылорда облыстық білім басқармасы. Лицензия серия АА, № 0011273, лицензия берілген күні 27.09.2002.
 - Мектептің техникалық төлқұжаты – 21.12.2015 ж.
 - Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасынан медициналық қызметті жүзеге асыруға мемлекеттік лицензия алынған, алғашқы берілген уақыты 20.12.2016ж №16019403. Медициналық кабинеттің ауданы 31,6 шаршы метр, толық жабдықталған.

- Білім беру ұйымында 100 орындық асхана жұмыс жасайды, тамақтану объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды 11.03.2015 жылы № N81 алынған.

2. Кадрлық құрам туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 11716 болып тіркелген) білім беру қызметіне қойылатын **біліктілік талаптарын** және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау. Біліктілік талаптарының сақталуы бойынша барлық растайтын құжаттары және Өлшемшарттардың 7- қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер қоса беріледі.

Бағалау нәтижесі: 2022-2023 оқу жылында мектептегі негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын 146 мұғалім, 140 мұғалім жоғары, 6 мұғалім орта білімді. Оның ішінде педагог зерттеуші -20, жоғары санатты – 2, I санатты-2, педагог-сарапшы-41, педагог-модератор-38, II санатты – 1, санаты жоқ-42 мұғалім қызмет атқарады. Жалпы мектеп бойынша педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі- 45 %.

Оның ішінде бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің үлесі-42,5 %, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің жалпы санынан үлесі- 43 %.

Қорытынды: 2022-2023 оқу жылында білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары сақталған және барлық растайтын құжаттары өлшемшарттың 7 –қосымшаларына сәйкес.

Бағалау нәтижесі: 2023-2024 оқу жылында мектептегі негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын 144 мұғалім, 140 мұғалім жоғары, 4 мұғалім орта білімді. Оның ішінде педагог зерттеуші -18, педагог-сарапшы-44, I санатты-1, педагог-модератор-44, II санатты – 1, санаты жоқ-36 мұғалім қызмет атқарады. Жалпы мектеп бойынша педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі- 44 %.

Оның ішінде бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің үлесі-46 %, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің жалпы санынан үлесі- 43 %.

Қорытынды: 2023-2024 оқу жылында білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары сақталған және барлық растайтын құжаттары өлшемшарттың 7 –қосымшаларына сәйкес.

Бағалау нәтижесі: 2024-2025 оқу жылында мектептегі негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын 138 мұғалім, 134 мұғалім жоғары, 4 мұғалім орта білімді. Оның ішінде педагог зерттеуші -20, педагог-сарапшы-43, педагог-модератор-43, санаты жоқ-32 мұғалім қызмет атқарады. Жалпы мектеп бойынша педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, жоғары және бірінші санаттағы мұғалімдердің үлесі-46 %.

Оның ішінде бастауыш білім беру деңгейіндегі педагогтердің үлесі-47,4 %, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің жалпы санынан үлесі- 47 %.

Педагогтердің аттестаттаудан өту перспективалық жоспары жасалған.

Қорытынды: 2024-2025 оқу жылында білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары сақталған және барлық растайтын құжаттары өлшемшарттың 7 –қосымшаларына сәйкес.

3. Білім алушылар контингенті

Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:

-деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті, сыныптардың толықтылығы, білім алушылар контингентінің қозғалысы

туралы мәліметтер:

Бағалау нәтижесі: 2022-2023 оқу жылын барлығы 802 оқушымен бастадық, 34 сынып бірлігінде оқиды. Бастауыш сатысында 1-4 сыныптарда – 371 оқушы (15 сынып-комплект), негізгі орта сатысында 5-9 сыныптарда - 369 оқушы (15 сынып-комплект), жоғарғы саты 10-11 сыныптарда 62 оқушы (4 сынып-комплект). Мектеп бойынша психологиялық - медициналық консультация тексеруінен өткен қорытындысына сәйкес мектеп партасында барлығы ерекше білім алуды қажет ететін 9 оқушы білім алды. Денсаулығына байланысты үйден оқитын 25 оқушы, арнайы сыныпта 93 оқушы бар. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылды.

Қорытынды: 2022-2023 оқу жылында білім алушылардың контингенті өлшемшарттың 8-қосымшасына сәйкес.

Бағалау нәтижесі: 2023-2024 оқу жылын барлығы 775 оқушымен бастадық, 34 сынып бірлігінде оқиды. Бастауыш сатысында 1-4 сыныптарда – 315 оқушы (15 сынып-комплект), негізгі орта сатысында 5-9 сыныптарда-388 оқушы (15 сынып-комплект), жоғарғы саты 10-11 сыныптарда 66 оқушы (4 сынып-комплект). мектеп бойынша психологиялық - медициналық консультация тексеруінен өткен қорытындысына сәйкес мектеп партасында барлығы ерекше білім алуды қажет ететін 12 білім алуда. Үйден оқитын 30 оқушы, арнайы сыныптарда 80 оқушы білім алуда. (Рабиға)

Қорытынды: 2023-2024 оқу жылында білім алушылардың контингенті өлшемшарттың 8-қосымшасына сәйкес.

Бағалау нәтижесі: 2024-2025 оқу жылын барлығы 721 оқушымен бастадық, 33 сынып бірлігінде оқиды. Бастауыш сатысында 1-4 сыныптарда – 296 оқушы (14 сынып-комплект), негізгі орта сатысында 5-9 сыныптарда-355 оқушы (19 сынып-комплект), жоғарғы саты 10-11 сыныптарда 64 оқушы (4 сынып-комплект). мектеп бойынша психологиялық - медициналық консультация тексеруінен өткен қорытындысына сәйкес мектеп партасында барлығы ерекше білім алуды қажет ететін 15 білім алуда. Үйден оқитын 27 оқушы, арнайы сыныптарда 27 оқушы білім алуда. (Рабиға)

Қорытынды: 2023-2024 оқу жылында білім алушылардың контингенті өлшемшарттың 8-қосымшасына сәйкес.

4. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына қойылатын талаптар

- | | |
|---|---|
| 1 | <p>Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);</p> <p>Бағалау нәтижесі: 2022-2023 оқу жылы бойынша жалпы білім беру ұйымдары басшылыққа алатын нормативтік құқықтық база талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарын, мақсаттары мен міндеттерін, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13» тамыздағы № 345 бұйрығына 1-қосымшасын, «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 тамыздағы №125 бұйрығы, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу</p> |
|---|---|

бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ2013 жыл 3 сәуірдегі №115 бұйрығы, Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы 2022-2023 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып, жылдық жұмыс жоспары әзірленген.

Оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға бағытталған бағыттар бойынша өткен 2022-2023 оқу жылына талдау жұмыстары жасалған.

Білім беру мақсаттарына қол жеткізу арқылы оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға бағытталып, әзірленген жоспар 5 бөлімнен тұрады. Алдымен өткен оқу жылының оқу-тәрбие жұмыстарына талдау жасалған. Бірінші бөлімде білім мекемесінің тегін және орта білім алуға бағытталған әрекетінің іске асырылуы, екінші бөлімде педагогикалық ұжыммен өткізілетін жұмыс, үшінші бөлімде әдістемелік жұмыс, төртінші бөлімде білім беру үрдісін жетілдіруге бағытталған іс-әрекетке бағытталған жұмыстар, бесінші бөлімде тәрбие жұмысы жүйесін құруға бағытталған педагогикалық ұжымның әрекетіне байланысты жұмыстар жоспарланған.

Қорытынды: 2022-2023 оқу жылында оқу орнының жылдық жұмыс жоспары МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.

Бағалау нәтижесі: 2023-2024 оқу жылы бойынша жалпы білім беру ұйымдары басшылыққа алатын нормативтік құқықтық база талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарын, мақсаттары мен міндеттерін, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13» тамыздағы № 345 бұйрығына 1-қосымшасын, «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 тамыздағы №125 бұйрығы, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ2013 жыл 3 сәуірдегі №115 бұйрығы, Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы 2023-2024 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып, жылдық жұмыс жоспары әзірленген.

Оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға бағытталған бағыттар бойынша өткен 2023-2024 оқу жылына талдау жұмыстары жасалған.

Білім беру мақсаттарына қол жеткізу арқылы оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға бағытталып, әзірленген жоспар 10 бөлім тұрады. Бірінші бөлімде мектеп туралы ақпараттық анықтамалық, екінші бөлімде 2022-2023 оқу жылына талдамасы, үшінші бөлімде 2023-2024 оқу жылындағы мақсат-міндеттері, міндеттерді орындау бағыттары, төртінші бөлімде мектепшілік басқару және бақылау, бесінші бөлімде мақсат пен міндеттерді жүзеге асырудағы педагогикалық ұжымның іс-әрекеті, Қазақстан Республикасында білім беруге байланысты саясатты жүзеге асыру туралы, алтыншы бөлімде педагогикалық кадрлармен жұмыс, жетінші бөлімде оқу-тәрбие жұмысын психологиялық-педагогикалық және әдістемелік бақылау, сегізінші бөлім 2023-2024 оқу жылында жүргізілген тәрбие жұмысының мақсат-міндеттері және күтілетін нәтижесі, тоғызыншы бөлім мектептің материалдық –техникалық базасын нығайту және оқу үрдісінің қаржылық қамтамасыз етілуі, оныншы бөлімде дирекция мүшелерінің міндет бөлінісіне байланысты жұмыстар жоспарланған.

Қорытынды: 2023-2024 оқу жылында оқу орнының жылдық жұмыс жоспары МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.

	Бағалау нәтижесі: 2024-2025 оқу жылы бойынша жалпы білім беру ұйымдары басшылыққа алатын нормативтік құқықтық база талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарын, мақсаттары мен міндеттерін, сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығын, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «13» тамыздағы № 345 бұйрығына 1-қосымшасын, «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 тамыздағы №125 бұйрығы, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ2013 жыл 3 сәуірдегі №115 бұйрығы, Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы 2024-2025 оқу жылына арналған Әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып, жылдық жұмыс жоспары әзірленген. Оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға бағытталған бағыттар бойынша өткен 2024-2025 оқу жылына талдау жұмыстары жасалған. Білім беру мақсаттарына қол жеткізу арқылы оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға бағытталып, әзірленген даму жоспары 8 бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде мектеп төлқұжатты, екінші бөлімде 2023-2024 оқу жылының қорытындысы бойынша талдау жасалынған, үшінші бөлімде жалпыға бірдей қолжетімді білім алуға бағытталған қызметті ұйымдастыру төртінші бөлімде мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысы, бесінші бөлімде тәрбие жұмысы, алтыншы бөлімде оқу-тәрбие процесін психолологиялық – педагогикалық сүйемелдеу, жетінші бөлім мектептің материалдық – техникалық базасын нығайту, сегізінші бөлім бақылау және басшылыққа байланысты жұмыстар жоспарланған. Қорытынды: 2024-2025 оқу жылында оқу орнының жылдық жұмыс жоспары МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келеді.
2	Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген оқу жұмыс жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі. Бағалау нәтижесі: 2022-2023 оқу жылы білім беру ұйымында оқу-тәрбие процесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген. Үлгілік оқу жоспарын (өзгерістер енгізілген бұйрықтармен) басшылыққа ала отырып, жұмыстық оқу жоспары әзірленіп бекітілген. Сонымен қатар 2022-2023 оқу жылында «Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 2022 жылы ұсынған әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынған. Мектепте білім беру үрдісіне байланысты жоспарлар жасалып, алқалы органда қаралып, бекітілген. Мектептің жылдық жоспарына сәйкес мектепшілік басқару мен бақылау, білім беру саясатын жүзеге асыру, педагогикалық-әдістемелік жұмыс жүйесін жетілдіру жұмыстары жүргізілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім

беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жасалған. Білім беру ұйымының оқу-тәрбие үрдісі жұмыстық оқу жоспарларының негізінде жасалған сабақ кестелері бойынша ұйымдастырылған. Сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар сақталып, пәндердің базалық білім мазмұны үлгілік оқу бағдарламаларына сай игерілген. Пәннің мақсат -міндеттеріне сай жұмыстар жүргізілген. Білім беру деңгейлеріне сәйкес пәндер бойынша оқу жүктемесі көлемі сақталған.

Сабақ кестелері санитарлық талаптардың ерекшеліктерін ескере отырып жасалған. («Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы №179 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығы). Оқу жоспары негізінде әзірленген оқу процесіндегі сабақтар кестесі жасалып бекітілген. Апталық жүктемелер сабақ кестесінде қамтылған. Инвариантты және вариативті сағаттар сабақ кестесінде қамтылған.

Сабақ кестесі бойынша сабақтар екі ауысым бойынша жүргізілген. Екі ауысымда 802 оқушы, 34 сынып комплектісі оқиды.. Оқу аптасының ұзақтығына қарамастан оқушылардың күндізгі оқу жүктемесі бекітілген. Бастауыш сыныпта бес сабақтан, негізгі орта мектепте жеті сабақтан, жалпы орта мектепте сегіз сабақтан аспауына сәйкестігі сақталған. Білім беру ұйымындағы сабақ ұзақтығының қырық бес минут, уақытқа сәйкес келеді. Оқу сабақтарының кестесінде үзілістер бар. Сабақ кестелері санитарлық талаптардың ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылған. Апталық жүктемелер сабақ кестесінде қамтылған. Сабақ кестесі бойынша сабақтар екі ауысым бойынша жүргізілген. 2022-2023 оқу жылын барлығы 802 оқушымен бастадық, 34 сынып бірлігінде оқиды. Бастауыш сатысында 1-4 сыныптарда – 371 оқушы (15 сынып-комплект), негізгі орта сатысында 5-9 сыныптарда-369 оқушы (15 сынып-комплект), жоғарғы саты 10-11 сыныптарда 62 оқушы (4 сынып-комплект). Мектеп партасында барлығы ерекше білім алуды қажет ететін 9 оқушы білім алады,арнайы сыныптарда 93 оқушы. Денсаулығына байланысты 25 оқушы үйден оқиды.

Қорытынды: 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары МЖМБС талаптары мен ЖББ Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жасалған.

Бағалау нәтижесі: 2023-2024 оқу жылы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;23.09.2022ж №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 08.11.2012ж № 500 бұйрығы өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларының №6 қосымшасы, Қазақстан Республикасы 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрықтың №38, №39 қосымшасы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығына 1-қосымшасы арқылы жасалынды. 2023-2024 оқу жылында 31.08.2023 жылы №1 педагогикалық кеңестің қаулысы бойынша 1-11-сыныптардың үлгілік оқу жоспары таңдалып, талқыланып қабылданды.

Мектепте білім беру үрдісіне байланысты жоспарлар жасалып, алқалы органда қаралып, бекітілген. Мектептің жылдық жоспарына сәйкес мектепшілік басқару мен бақылау, білім беру саясатын жүзеге асыру, педагогикалық-әдістемелік жұмыс жүйесін жетілдіру жұмыстары жүргізілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013

жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жасалған. Білім беру ұйымының оқу-тәрбие үрдісі жұмыстық оқу жоспарларының негізінде жасалған сабақ кестелері бойынша ұйымдастырылған. Сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар сақталып, пәндердің базалық білім мазмұны үлгілік оқу бағдарламаларына сай игерілген. Пәннің мақсат -міндеттеріне сай жұмыстар жүргізілген. Білім беру деңгейлеріне сәйкес пәндер бойынша оқу жүктемесі көлемі сақталған.

Сабақ кестелері санитарлық талаптардың ерекшеліктерін ескере отырып жасалған. («Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы №179 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығы). Оқу жоспары негізінде әзірленген оқу процесіндегі сабақтар кестесі жасалып бекітілген. Апталық жүктемелер сабақ кестесінде қамтылған. Барлығы 1564,5 сағат, инвариантты және вариативті сағаттар сабақ кестесі тарификациялық тізім бойынша сағат санына сәйкес келеді. Инвариантты және вариативті сағаттар сабақ кестесінде қамтылған.

Сабақ кестесі бойынша сабақтар екі ауысым бойынша жүргізілген. Екі ауысымда 770 оқушы, 34 сынып комплектісі оқыды. Оқу аптасының ұзақтығына қарамастан оқушылардың күндізгі оқу жүктемесі бекітілген. Білім беру ұйымындағы сабақ ұзақтығының қырық бес минут, уақытқа сәйкес келеді. Оқу сабақтарының кестесінде үзілістер бар. Сабақ кестелері санитарлық талаптардың ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылған. Апталық жүктемелер сабақ кестесінде қамтылған. Сабақ кестесі бойынша сабақтар екі ауысым бойынша жүргізілген. Мектеп партасында арнайы сыныптар бойынша 80 оқушы, үйден 30 оқушы білім алуда.

Қорытынды: 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары МЖМБС талаптары мен ЖББ Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жасалды.

Бағалау нәтижесі: 2024-2025 оқу жылы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы; 23.09.2022ж №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 08.11.2012ж № 500 бұйрығы өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы) Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарларының №6 қосымшасы, Қазақстан Республикасы 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрықтың №38, №39 қосымшасы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы 2024 жылғы 08 ақпандағы № 26 бұйрығына 1-қосымшасы арқылы жасалынды. 2023-2024 оқу жылында 31.08.2024 жылы №1 педагогикалық кеңестің қаулысы бойынша 1-11-сыныптардың үлгілік оқу жоспары таңдалып, талқыланып қабылданды.

Мектепте білім беру үрдісіне байланысты жоспарлар жасалып, алқалы органда қаралып, бекітілген. Мектептің жылдық жоспарына сәйкес мектепшілік басқару мен бақылау, білім беру саясатын жүзеге асыру, педагогикалық-әдістемелік жұмыс жүйесін жетілдіру жұмыстары жүргізілген. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары негізінде жасалған. Білім беру ұйымының оқу-тәрбие үрдісі жұмыстық оқу жоспарларының негізінде жасалған сабақ кестелері бойынша ұйымдастырылған. Сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар сақталып, пәндердің базалық білім мазмұны үлгілік оқу бағдарламаларына сай

	игерілген. Пәннің мақсат -міндеттеріне сай жұмыстар жүргізілген. Білім беру деңгейлеріне сәйкес пәндер бойынша оқу жүктемесі көлемі сақталған. Сабақ кестелері санитарлық талаптардың ерекшеліктерін ескере отырып жасалған. («Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы №179 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығы). Оқу жоспары негізінде әзірленген оқу процесіндегі сабақтар кестесі жасалып бекітілген. Апталық жүктемелер сабақ кестесінде қамтылған. Барлығы 1340,5 сағат, инвариантты және вариативті сағаттар сабақ кестесі тарификациялық тізім бойынша сағат санына сәйкес келеді. Инвариантты және вариативті сағаттар сабақ кестесінде қамтылған. Сабақ кестесі бойынша сабақтар екі ауысым бойынша жүргізілген. Екі ауысымда 721 оқушы, 33 сынып комплектісі оқиды. Оқу аптасының ұзақтығына қарамастан оқушылардың күндізгі оқу жүктемесі бекітілген. Білім беру ұйымындағы сабақ ұзақтығының қырық бес минут, уақытқа сәйкес келеді. Оқу сабақтарының кестесінде үзілістер бар. Сабақ кестелері санитарлық талаптардың ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылған. Апталық жүктемелер сабақ кестесінде қамтылған. Сабақ кестесі бойынша сабақтар екі ауысым бойынша жүргізілген. мектеп партасында барлығы ерекше білім алуды қажет ететін 15 оқушы, 27 үйден оқу, 60 оқушы арнайы сыныптарда білім алуда. Қорытынды: 2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары МЖМБС талаптары мен ЖББ Үлгілік оқу жоспарларына сәйкес жасалуда.
3	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру; Бағалау нәтижесі: 2022-2023 оқу жылында ұсынылған құжаттарды зерттеп қарау барысында оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұны игерілгендігі анықталды. Пән мұғалімдерінің күнтізбелік –тақырыптық жоспарлары үлгілік оқу бағдарламаларына сай әзірленген. Күнделікті жоспарға сабақтың мақсат-міндеттері айқындалып бекітілген. Білім мазмұны сақталған. Оқу бағдарламалары оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай жасалған. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық) Пәндердің базалық білім мазмұны игерілуде. I-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар ескерілген. I оқу тоқсаны-45,7%, II оқу тоқсаны-50,4%, III оқу тоқсаны-48,8%, IV оқу тоқсаны-48%, үлгерім сапасы 100%, үлгермеуші оқушы жоқ. I,II оқу тоқсанының соңында педагогикалық кеңесте білім алушылардың оқу-үлгерім деңгейі мен сыныптар бойынша өсу, кему өзгерістері талқыланды. Оқу жоспарының пәндері бойынша оқу жұмыс бағдарламалары бар, бекітілген. Пәндер бойынша тақырыптық-күнтізбелік жоспарлар, теориялық және практикалық, зертханалық сабақтар оқу бағдарламаларына сәйкес өткізілген. Қорытынды:2022-2023 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру жұмыстары талапқа сай жүргізілген. Бағалау нәтижесі: 2023-2024 оқу жылында ұсынылған құжаттарды зерттеп қарау

	барысында оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұны игерілгендігі анықталды. Пән мұғалімдерінің күнтізбелік –тақырыптық жоспарлары үлгілік оқу бағдарламаларына сай әзірленген. Күнделікті жоспарға сабақтың мақсат-міндеттері айқындалып бекітілген. Білім мазмұны сақталған. Оқу бағдарламалары оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай жасалған. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық) Пәндердің базалық білім мазмұны игерілуде. 1-сынып оқушыларының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар ескерілген. . I оқу тоқсаны-45,7%, II оқу тоқсаны-50,4%, III оқу тоқсаны-48,8%, IV оқу тоқсаны-48%, үлгерім сапасы 100%, үлгермеуші оқушы жоқ. I,II оқу тоқсанының соңында педагогикалық кеңесте білім алушылардың оқу-үлгерім деңгейі мен сыныптар бойынша өсу, кему өзгерістері талқыланды. Оқу жоспарының пәндері бойынша оқу жұмыс бағдарламалары бар, бекітілген.Пәндер бойынша тақырыптық-күнтізбелік жоспарлар, теориялық және практикалық, зертханалық сабақтар оқу бағдарламаларына сәйкес өткізілуде. Қорытынды:2023-2024 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру жұмыстары талапқа сай жүргізілуде. Бағалау нәтижесі: 2024-2025 оқу жылында ұсынылған құжаттарды зерттеп қарау барысында оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұны игерілгендігі анықталды. Пән мұғалімдерінің күнтізбелік –тақырыптық жоспарлары үлгілік оқу бағдарламаларына сай әзірленген. Күнделікті жоспарға сабақтың мақсат-міндеттері айқындалып бекітілген. Білім мазмұны сақталған. Оқу бағдарламалары оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай жасалған. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық) Пәндердің базалық білім мазмұны игерілуде. Оқу жоспарының пәндері бойынша оқу жұмыс бағдарламалары бар, бекітілген. Пәндер бойынша тақырыптық-күнтізбелік жоспарлар, теориялық және практикалық, зертханалық сабақтар оқу бағдарламаларына сәйкес өткізілуде. Қорытынды:2024-2025 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру жұмыстары талапқа сай жүргізілуде.
4	Білім алушылардың субъективті жаңа білім меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылдың «6» сәуірдегі №130 бұйрығымен бекітілген құжатын басшылыққа ала отырып, 2022-2023 оқу жылындағы «Алғашқы қоңырау», «Білім күні» мерекесін ұйымшылдықпен өткізу, аудандық білім бөлімінің 26.08.2022 жылғы №52 бұйрығымен таныстырылып, жұмыстар жүргізілді. 2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмыстарының ерекшеліктері. Мектеп оқушыларының құқық бұзушылық әрекеттерін және оларға қарсы жасалатын суицид ауруының алдын алуы туралы айтылды. 1 қыркүйек білім күніне жалпы тәрбие сағаттар «Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және отаншылдық» тақырыбындағы сынып сағаттары барлық сыныпта өткізілді.

Сыныптар бойынша:

1-сынып, Менің мектептегі алғашқы күнім тақырыбында сынып сабақтары өткізілді;
2-4 Менің жазғы жарқын оқиғаларым тақырыбындағы сынып сағаттары өткізілді,
5-8 Менің саяхатым, 9-11 Менің үлкен сыныптастары, менің ойларым, армандарым,
үміттерім тақырыбында сынып сағаттары және бейнероликтер түсірілді.
Сынып жетекшілер және пән мұғалімдер оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етсін.
Жолда жүру ережелерін, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жылдық жоспарға
енгізіп, іс шаралардың өткізілуін орындасын.

Сынып жетекшілер Ата – аналар жиналысын жаңа форматта өткізуді
ұйымдастырсын. Оқушылардың сабақтан себепсіз қалмауын, мектеп формасын сақтауды
қамтамасыз етті.

Ауысымдар бойынша сыныптардағы сабақтың басталуы:

Сабақтың басталу уақыты 1-ауысым 8-00, 2- ауысым 14-00.

Жаңа оқу жылының тәрбие жоспарына ұлттық құндылықты, А.Байтұрсыновтың -150,
Р.Бағланованың -100, Қазбек бидің-355, Әуезовтың-125, Д.Қонаевтың-110, Рәміздер-30
жылдығы жоспарлар жасалып, жоспарға сәйкес сынып сағаттары өткізілді.

Мектептегі оқушылардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында қызметкерлерден кәсіп одақ
төрайымымен келісе отырып кезекшілік ұйымдастырылды.

Мектеп мөлтек ауданы бойынша мектепке тартылмаған оқушы болған жоқ. Мектеп
оқушылары құқықбұзушылық әрекеттерге бармай, АПБ-нің кәмелетке толмағандар
бөлімшесінің профилактикалық есебіне алынған жоқ. Мектепшілік есепке сынып
жетекшілердің ұсынысымен 4 оқушы алынып, сынып жетекшілері тарапынан оқушыларға
жекелей папкалар арналып, жүйелі жұмыстар жүргізілді. Мектеп оқушылары арасында
құқықбұзушылықтардың алдын алуда жоспарлы және жоспардан тыс түсінік жұмыстары,
АПБ-нің қызметкерлерімен кездесу, түнгі кезекшіліктер мен ата-аналардың үйлеріне рейд
жұмыстары жүйелі ұйымдастырылып, жаднамалар таратылды. Сонымен бірге, оқушыларға
педагогикалық-психологиялық консультациялық қызметтер көрсетілді. Құқық
бұзушылықтың алдын алу, зорлық – зомбылықты болдырмау мақсатында «Заң Бала
Құқық» атты республикалық акциясы аясында мектептің жоғары сынып оқушыларының
арасында онлайн жиналыс өткізілді. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің құқық
бұзушылық әрекеттерін алдын алу мақсатында жұма, сенбі, жексенбі күндері түнгі
кезекшілікті мектептің «Жалын» жас ұстаздар ұйымы ұйымдастырды. (ДНД) «Салауатты
өмір салты – денсаулық кепілі!», «Суицид дертінің алдын алу», «Түнгі ауладағы балалар!»
тақырыптарында сала мамандарымен бірнеше мәрте онлайн кездесулер ұйымдастырылды.
Жасөспірімдердің арасында құқық бұзушылық әрекеттердің алдын алу мақсатында
жылдық жоспар жасалып бекітілді. Жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілуде. Атап айтсақ:
2022 жылдың 28 қыркүйек күні Қазалы АПБ-нің ЮПТ-ның аға инспекторы, полиция
майоры Бегалиева Мархабат Төлепбергеновна және Қазалы аудандық білім бөлімінің
әдіскері Болат Айымқұлов және Қазалы аудандық Жастар Денсаулығы бөлімінің дәрігері
Алиева Әйгерім Берікқызы Қазалы ауданының білім беру ұйым дарында құқық
бұзушылықтың алдын алуды түсіндірудің бірлескен жұмыс жоспары аясында 8-11 сынып
оқушыларына құқық бұзушылықтың алдын алу тақырыбында түсіндірме жұмыстарын
жүргізіп, бейнероликтер көрсетіп, жадынамалар таратты Атап айтқанда «Зорлық –
зомбылықсыз балалық шақ», «Балақай, сен білесің бе?» , «Түнгі қаладағы балалар»,
«Жасөспірім», «Абайлаңыз, балалар!», «бала еңбегін қанау» атты профилактикалық
шаралар аясында үнемі рейдтік іс – шаралар жүргізілетіндігі түсіндірілді.

Дегенмен түнгі мезгілде жүрген 1 оқушыны полиция қызметкерлері ұстап, ата-анасына ескертпе жасалды.

Сынып жетекшілер және пән мұғалімдер білім беру ұйымдарында болған кездегі оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етсін. Жолда жүру ережелерін, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жоспарға сәйкес үнемі өткізіп, түсіндірілді.

«Отбасы тәрбиесі- қоғам негізінің бастауы» тақырыбындағы ата-аналар жиналыстары өткізілді

Ата-аналар жиналысының «Отбасы тәрбие бастауы» тақырыбындағы жиналысқа толық қатысты.

Мектеп директоры Уразбаева Жаухар Құттықияқызы, тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Рахымжан Қошқарбайұлы, мектеп психологы –Баян Ермаханова, әлеуметтік педагог-Қайрат Өтембет, Ұйымдастырушы педагог Нұргүл Қожанова, ата-аналар, 5-11 сынып жетекшілері, пән мұғалімдері қатысты.

1. «Құқық бұзушылықтың алдын алу және білім алушыларды рухани адамгершілікке тәрбиелеу» - түсіндірілді;

2. «Ата-ана Бақытты бала» тақырыбында мектеп психологы Б.Ермаханова тренинг өткізілді. Бұл жұмыстармен жиналыстар жыл көлемінде жүргізілді.

№234 орта мектебі дебат қозғалыстарын жандандыру және мектептегі өзін-өзі басқаруды жетілдіру мақсатында **қыркүйек айында «Азамат» клубының** алғашқы отырысы дөңгелек үстелде өткізілді, отырыс барысында жаңа оқу жылындағы пікір сайыс жоспарын бекітті. Жоспарда отырыс мерзімін белгілеу, дебаттың алға қойған мақсатымен міндеттерін, және де жасалатын жұмыстарымен педагогтар мен оқушыларға таныстырылды. Дебат клубының жетекшісі, орынбасары, хатшысы тағайындалды. Жоспар бойынша жұмыс жасауды бекітті.

«Азамат» дебат клубында 19 бала мүшелік етеді, ұйым құрамында 7–11 сынып оқушылары. Жетекшісі математика пәні мұғалімі Тасбау Гүлдана «Азамат» дебат клуб жетекшісі болып бекітілді.

Қазан айында «Азамат» дебаттық комитет мүшелері жанынан құралған 9-сынып оқушылары арасында "Жас өспірімдер арасында қылмыспен күрес жеткілікті дәрежеде емес" тақырыбында америкалық парламенттік форматта дебат болып өтті. Аталған формат бойынша ережені жетекші Сейілханұлы Жасұлан түсіндіріп өтті.

Сайысқа түсушілерді топқа жеребе арқылы бөлініп, Үкімет тобынан гладиатор Қожас Нұршат сөз алды. Мектепте орын алатын қылмыстар мен қарулы күзетшілер жайында жоғары деңгейде баяндады.

Оппозиция тобынан Абылайхан Арайлым мен Құдайберген Арай берілген қарар бойынша өздерінің кейстерін, әлі де даму жағынан қоғамда бар екендігін дәлелдеп көрсете білді. Бұл сайыста көрермендер 10-сынып оқушылары Максұт Қарақат мен Қайыпберген Айнұрда өз пікірлерін ортаға салды.

Пікірсайыс соңында мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қошқарбайұлы Рахымжан сөз алып, қатысушыларға бүгінгі тақырып бойынша пікірін білдіріп, алдағы өтілетін дебатқа атсалысып, қатысуға шақырды. Әрбір пікір білдірген дебатарлерге сарапшылар тарих пәнінің мұғалімі Дәкібай Мейрамбек сараптама жасады.

Сараптама бойынша: 1-орын –Қожас Нұршат марапатталып, Жастар Ресурстық орталығы ұйымдастырған дебатқа ұсынылды.

Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен сайыста мектебіміздің намысын қорғауға 2 фракция қатысып, 9-сынып оқушысы Қожас Нұршат 3-орынды иеленді.

Және аудандық білім бөлімі ұйымдастырған дебат турниріне Джаменкеева Тахмина мен Амангелді Феруза атты оқушыларымыз «Азамат» фракциясы ретінде қатысып, алғыс хатпен марапатталды.

Қараша айының 23-і күні «Ұшқыр ой алаңы» тақырыбында мектепшілік пікірсайыс турнирі болып өтті. Оған 6 фракция қатысып, бақ сынады.

Онда қаралған тақырыптар:

- Ата-аналар балалардың іс-әрекеттері үшін заңды түрде жауап беруі керек.
- Үй тапсырмасына тыйым салу керек
- Интернеттің пайдасынан гөрі зияны көп

Осы пікірсайысқа Жастар ресурстық орталығынан үш тәуелсіз сарапшы келіп, төрелік етті. Оқушыларымыз жоғары деңгейде пікір таласып, нәтижесінде «Қырандар» фракциясы 1-орын, «Потолок отбор» фракциясы 2-орын, «Азамат» фракциясы 3-орынмен, «DocStar», «Жас конгрессмен» және «Ұшқын» фракциялары алғыс хатпен және арнайы сыйлықтармен марапатталды.

«Өзін-өзі басқару» ұйымының жобасы бойынша өткізілген іс-шаралар анықтамасы

1. «Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын басшылыққа ала отырып, оқушылар арасында Мектеп парламентінің алғашқы отырысы болып өтті. Жиында өткен жылы жасалған жұмыстарға сараптама жасалды.

2. Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектепте 30 қыркүйек күні "Ұстаздар күні" қарсаңында "Мектеп парламент" ұйымы мектеп ұстаздарын мерекемен құттықтап, ізгі тілектерін арнады.

3. "Ұстаздар күні" мерекесіне орай 30 қыркүйек күні мектебімізде оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында "Дублер күні" өткізілді.

4. 11 қараша күні мектеп тәлімгерлері Ш.Муратбаева, Ж.Алпамыс ұйымдастыруымен «Мектеп парламенті» ұйымы арасында "Таңғажайып алтын күз" сайысы өткізілді.

5. «Мектеп парламент» мен «Жас Ұлан» ұйымы оқушыларымен «Тұғыры биік Тәуелсіздік» атты мерекелік іс-шара өткізілді

6. «Мектеп парламенті» ұйымының 10-11 сынып оқушыларымен бірге «Бүгінгі оқушы, ертеңгі отан қорғаушы» атты әскери эстафеталық сайысы өткізілді.

«Мектеп театры» жобасы бойынша «Өнерлі балалар» театры үйірмесінің өткізілген іс-шаралар анықтамасы

1. Үйірме жұмысын жоспарлау. Тамыз айында орындалды.

2. Топтарды жинақтау. Қыркүйек айында отырыс жасалды. Өнерлі балалар іріктелді.

3. Қуыршақ театры. «Ертегілер еліне бір саяхат жасайық» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларымен қуыршақ театры қойылды. Оған 50 оқушы қамтылды.

4. «шалқан ертегісі». Ерекше білімді қажет ететін балалар қамтылып, оған 12 бала қатыстырылды.

5. А.Байтұрсыновтың 150-жылдық мерейтойы. Орыс ақыны А.С.Пушкиннен аудармасы «Алтын Өтеш» ертегісі бойынша қойылым қойылды. Қойылым өнерлі балалармен күзгі каникул кезінде өткізілді. Оған 11 оқушы қатысты.

6. 16-желтоқсан тәуелсіздік күні мерекесі. «Тәуелсіздік таңы» тақырыбында қойылымды іс-шара өткізілді. Оған театр өнерпаздарынан 38 оқушы қатысты.

7. «Ертегілер елінде» тақырыбы бойынша қысқы каникул кезінде орта топтармен ертегіні сахналау жоспарланды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 2022-2023 оқу жылының қыркүйек-желтоқсан айында атқарылған жұмыстарының есебі

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылып келеді.

Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» романы негізінде оқырман конференциясы 11 «А» сынып ата-аналарымен ұйымдастырылды. 25 қазан - Республика күніне орай «Республикам менің» атты челлендж жолданды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Д.Исабековтың 80 жылдығына орай «Гауһартас» повесі бойынша оқырман конференциясы болып өтті.

«Кітап құмар құрдастар» тақырыбымен кітапқұмарлар акциясы Қазыбек бидің 355 жылдығына арнап, сөз өнерін қадірлей білуге, шешендік сөздерінің мән-мағынасын түсіну мақсатында «Қазып айтқан Қазыбек» тақырыбында шешендік сөздерінен тәрбиелік шара болып өтті. «Үздік оқырман отбасы» байқауы болып өтіп, байқауға қатысушылар 5 кезең бойынша бақ сынасты. А.Құнанбайұлының 177 жылдығына орай «Абай - дара, Абай – дана қазақта» тақырыбында ақын өлеңдерін мәнерлеп оқу болып өтті.

Тәуелсіздік мерекесіне орай, ел тәуелсіздігін насихаттау мақсатында «Қазақстан – тәуелсіз ел» атты тәрбиелік шаралар 5-11 сынып оқушылары арасында болып өтті.

Кітап оқуға қолжетімділікті арттыру мақсатында «100 кітап» атты ақпарат тақтасы жасалынып ілінді.

Атқарылған шаралар әлеуметтік желіге жарияланды.

1. Облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен **«Қыран елім - Қазақстаным»** патриоттық акциясы аясында «Қазақстан –менің елім» тақырыбында мәнерлеп оқу байқауында жүлделі ІІ орын Акимова Бибижар 8 «в» сынып оқушысы.
2. 8 «в» сынып оқушысы «Ақберен» байқауынан Жәнібекұлы Ерасыл домбырада күй орындау арқылы аудандық кезеңінде жүлделі ІІІ орын
3. 8 «в» сынып оқушысы «Я-репортер» республикалық байқауына Тоқболатова Мәдина сертификат
